



№ 3 қосымша

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫ ҚОРЫ» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН/ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛ ҮШІН ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

<p>Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Қордың тиісті корпоративтік органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін айқын ажыратуды көздейді.</p> <p>Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың қызметі, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өкілеттіктерді бөлу оңтайлы және толық көлемде көрсетілген және:</p> <ol style="list-style-type: none"> «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен; Қордың Жалғыз акционерінің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі) АҚ Басқарма отырысының 13.10.2016 жылғы № 41/16 хаттамасы) бекітілген Қор Жарғысымен; Жалғыз акционердің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі) АҚ Басқарма отырысының 28.11.2018 жылғы № 53/18 хаттамасы) бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен; Директорлар кеңесінің 05.03.2014 жылғы № 49 шешімімен бекітілген, 09.07.2020 жылғы № 07/2020 өзгерістері мен толықтырулары ескерілген Қор Басқармасы туралы ережемен реттелген. <p>2021 жылы Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма Қор Жарғысында олардың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарады және олар бойынша шешімдер қабылдады.</p>	<p>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты</p>	<p>Сақталады</p> <p>Жалғыз акционердің Жарғымен бекітілген құқықтарын Қор және Қордың уәкілетті органдары сақтайды.</p> <p>2021 жылы Жалғыз акционердің неғұрлым маңызды шешімдерінің қатарына:</p> <ol style="list-style-type: none"> Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау туралы; өткен 2020 қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілікті, таза табысты бөлу тәртібін бекіту туралы; Қордың 2020 жылғы қызметі туралы жылдық есепті бекіту туралы шешімдер жатады. <p>2021 жылдың маусым айынан бастап Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А.Б. Мухамеджанов болып табылады.</p> <p>Қордың Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен реттелген.</p> <p>2021 жылы Директорлар кеңесі Жарғымен Қордың Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қарады және қабылдады.</p>
<p>Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Қордағы корпоративтік басқару жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қордың тиімді қызметіне және оның қызметінің залалсыздығына қол жеткізуге ықпал етуге бағытталған.</p> <p>Жалғыз акционердің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі) АҚ Басқарма отырысының 13.10.2016 жылғы № 41/16 хаттамасы) бекітілген Қор Жарғысының 34-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің:</p> <ol style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға; дивидендтер алуға; Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға; орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға; Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға; «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу және Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға қайтаруы туралы және (немесе) қорытынды жасау ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге; 	<p>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты</p>	<p>Сақталады</p> <p>2021 жылы Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды (50%-ға жаңару):</p> <ol style="list-style-type: none"> 11.05.2021 жылы Директорлар кеңесінің мүшесі Р.Т. Карагойшиннің өкілеттігі өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды; 27.05.2021 жылы Тәуелсіз директор А.Р.Елемесовтың өкілеттігінің үш жылдық мерзімі аяқталды; 26.05.2021 жылы А.Б. Нурғалиева Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды; 16.06.2021 жылы А.Б. Мухамеджанов Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі болып сайланды; 28.07.2021 жылы Директорлар кеңесінің құрамы 8 адам болып айқындалды; 28.07.2021 жылы Т.М. Жаксылыков Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды; 28.07.2021 жылы Р.М. Журунов Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды; 20.08.2021 жылы Тәуелсіз директор Е.Л. Бахмутованың өкілеттік мерзімі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін, яғни 04.04.2020 жылға дейін ұзартылды.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері****Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды****Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

Жаңадан сайланған директорларға Қордың 2014-2023 жылдарға арналған қолданыстағы Даму стратегиясын қоса алғанда, Қор қызметінің түйінді аспектілеріне қатысты ақпарат, негізгі ішкі нормативтік құжаттар (Жарғы, директорлар кеңесінің, комитеттердің, Басқарманың регламенттері және т.б.), Ішкі аудит қызметінің есептері және т.б. жіберілді.

Осылайша, 01.01.2022 жылы Қордың Директорлар кеңесі **8 директорды**, оның ішінде **4 тәуелсіз директорды** қамтыды:

1. Смаилов Алихан Асханович, Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. Жаксылыков Тимур Мекешевич, Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. Мухамеджанов Адиль Бектасович, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі;
4. Баталов Раимбек Анварович, тәуелсіз директор;
5. Бахмутова Елена Леонидовна, тәуелсіз директор;
6. Журсунов Рустам Манарбекович, тәуелсіз директор;
7. Нурғалиева Асем Болатжановна, тәуелсіз директор;
8. Бурибаева Гаухар Асылбековна, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрайымы

Тәуелсіз директорлардың үлесі барлық құрамның **50%-ын құрайды, бұл корпоративтік басқарудың ең үздік қағидаттарына сәйкес келеді.**

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның 05.04.2017 жылғы № 15/17 хаттамадағы шешімімен Қордың Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі - 5 (бес) жыл болып белгіленді. Тиісінше, **Қордың Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттік мерзімі 04.04.2022 жыл аяқталады.**

Директорлар кеңесінің қызметі Директорлар кеңесін қалыптастыру тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің мәртебесін, құрамын, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын, Директорлар кеңесі қызметінің, отырыстарды шақыру және өткізу тәртібін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді белгілейтін Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі.

Белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспары бекітіледі.

2021 жыл ішінде Директорлар кеңесінің 10 отырысы, оның ішінде 7 күндізгі, 3 сырттай отырысы өткізілді, онда 92 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесі Даму стратегиясына жаңартуларды талқылау мақсатында тәуелсіз директорлардың бастамасы бойынша және мүдделі тараптардың қатысуымен тұрақты негізде стратегиялық сессиялар өткізеді.

2021 жылғы 14-15 қазанда Түркістан қаласында Жалғыз акционер өкілдерінің Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасының мүшелерінің қатысуымен «Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2023 жылға дейінгі өзекті даму стратегиясының жобасын қарау үшін Түркістан қаласы бойынша өңірлік филиалдың жобаларына бару арқылы көшпелі стратегиялық сессия отырысы өтті.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды****Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

Осылайша, Директорлар кеңесі тұрақты жыл сайынғы негізде Жалғыз акционермен бірлесіп Даму стратегиясына жаңартуларды талқылау мақсатында стратегиялық сессиялар өткізеді.

2021 жылғы қыркүйекте тәуелсіз директор А.Б. Нурғалиева және Басқарма Төрайымының орынбасары Б.Н. Мақажанов **«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Стратегиялық сессиясына** киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және пандемияның «Даму» қорының қызметіне әсері мәселелері бойынша спикерлер ретінде қатысты.

Осылайша, Жалғыз акционердің Қормен тұрақты диалогы стратегиялық сессиялардың тұрақты отырыстары арқылы қолдау табады.

2021 жылы Директорлар кеңесі жанында 3 комитет жұмыс істеді:

1. Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті.
2. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті.
3. Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті.

Комитеттердің қызметі 2021 жылғы 26 тамызда Директорлар кеңесі бекіткен Комитеттер туралы тиісті ережелермен регламенттелген. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.

Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы болып корпоративтік хатшы табылады. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды уақтылы жіберуді, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.

2021 жыл ішінде:

1. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің **9 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **30 мәселе қаралды.**
2. Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің **9 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **62 мәселе қаралды.**
3. Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер комитетінің **8 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **19 мәселе қаралды.**

2021 жылы COVID-19-ға байланысты пандемия жағдайында комитеттер отырыстары негізінен **онлайн отырыстар форматында** өткізілді.

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақылар төлеу тәртібі Тәуелсіз директорларды іріктеу, сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына сәйкес айқындалады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу туралы ақпарат Қордың жылдық есебінде ашылады.

Алайда, Корпоративтік басқару кодексінің («Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы» № 2 параграф) № 50 ережесінің Қорды табысты басқару үшін талап етілетін осындай деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту және ынталандыру үшін жеткілікті сыйақы мөлшерін белгілеу бөлігінде «ішінара сақталуы» атап өтеледі.



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Қордың Басқармасы Қордың алқалы атқарушы органы бола отырып, Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, міндетті түрде Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және оның алдында жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты болады.

Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы ережеде және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

Басқарма туралы ереже Қор Басқармасының қалыптасу және жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруды айқындайды. 31.12.2021 жылғы жағдай бойынша Қордың Басқармасы мынадай сандық құрамда бекітілді:

1. Г.А. Бурибаева - Басқарма Төрайымы;
2. Е.А.Ескаков - Басқарма Төрайымының орынбасары;
3. Б.М. Мақажанов - Басқарма Төрайымының орынбасары;
4. Г.Н. Нургазиев - Басқарма Төрайымының орынбасары;
5. Ф.К. Сарсекеев - Басқарма Төрайымының орынбасары.

Басқарма Төрайымы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке сипаттамаларға ие, мінсіз іскерлік беделге ие және жоғары этикалық стандарттарды ұстанады.

Қордың Директорлар кеңесінің 27.12.2021 жылғы № 10/2021 шешімімен Қордың атқарушы органының қызметіне қатысты мынадай шешімдер қабылданды:

1. Басқарманың өкілеттік мерзімі 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап 3 (үш) жыл болып белгіленді.
2. Басқарманың сандық құрамы анықталды - 5 (бес) мүше.
3. Басқарма Төрайымы лауазымына Г.А. Бурибаеваны 2022 жылдың 24 ақпанынан бастап, жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзімі аяқталғанға дейін сайлау туралы мәселе алдын ала мақұлданды және бұл мәселе тиісті шешім қабылдау үшін Жалғыз акционердің қарауына шығарылды.
4. Б.Н. Мақажанов, Ф.К. Сарсекеев, Г.Н. Нургазиев және Е.А. Ескаков «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасарлары болып 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма мүшелеріне өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін сайланды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (Жалғыз акционер) Басқармасының 19.01.2022 жылғы № 02/22 хаттама шешімімен **Г.А. Бурибаева Қор Басқармасының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін тұтастай алғанда 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап өкілеттік мерзімімен Қор Басқармасының Төрайымы болып сайланды.**

2021 жылы Басқарма **бизнес-процестің автоматтандырылған режимінде** тұрақты негізде отырыстар өткізді. 2021 жыл ішінде **Қор Басқармасының 106 отырысы** өткізілді, онда Қорды жедел басқару бойынша шешімдер қабылданды. **Қаралған мәселелер саны - 884.**

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Есепті кезеңде Қор Басқармасы операциялық қызметтің түрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдік беру және субсидиялау, әріптестерді қаржыландыру мәселелерін, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту, қаржылық бағдарламалар бойынша мәселелерді, орнықты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.

Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қарауына және стратегиялық сессияларға шығарылатын барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарайды және тек қана күндізгі отырыстар форматында мақұлдайды.

Орнықты даму қағидаты

Сақталады

Директорлар кеңесінің шешімімен (17.04.2019 жылғы № 03/2019 хаттама) Қордың Орнықты даму саласындағы саясаты бекітілді. Саясаттың мақсаты орнықты даму саласында басқару жүйесін құруда Қор ұстануға тиіс негіз қалаушы нормаларды, қағидаттарды, қағидаттар мен тәсілдерді айқындау болып табылады. Саясат талаптарына сәйкес:

1. Басқарма Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын бекітеді және жыл сайынғы негізде Жоспар іс-шараларының орындалуы жөніндегі есепті қалыптастырады;
2. Қордың құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.

Орнықты даму жөніндегі іс-шаралар Қордың 2014 - 2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарына енгізілді.

Бұдан басқа, стратегиялық интеграция шеңберінде Қордың орнықты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Қордың Даму стратегиясын өзектендіру жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2021 жылы жүргізілген корпоративтік басқару жүйесін сыртқы бағалау нәтижелеріне сәйкес «Орнықты дамуды басқару жүйесінің» сәйкестік пайызы 66.7% құрады, тиісінше «Орнықты дамуды басқару жүйесі» бойынша «Ішінара сақтау» байқалады. Бұл ретте Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 ақпандағы шешімімен (№ 01/2022 хаттама) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2022-2024 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты

Сақталады

Қорда стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттер (ұйымдастырушылық саясаттар, рәсімдер, әдістер, тетіктер, мінез-құлық нормалары және т.б.) жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері жұмыс істейді.

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері****Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды****Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін нормативтік реттеу тәуекелдерді басқару процесінің құрылуы мен жұмыс істеуін реттейтін ішкі актілердің жиынтығының болуымен қамтамасыз етіледі.

Жыл сайынғы негізде Қордың стратегиялық және операциялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу қабілетіне сыни әсері бар тәуекелдер тіркелімі мен картасын өзектендіру жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.

Қор тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады. 2021 жылы Жалғыз акционерге, Қордың Директорлар кеңесіне және Басқармасына есептер берілді:

1. екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарына лимиттердің сақталуы бойынша есеп;
2. Қордың қаражатты игеру құрылымы, теңгерімі, ГЭП-талдауы, валюталық позициясы туралы ай сайынғы есеп;
3. кредиттік, қаржылық, операциялық және стратегиялық тәуекелдерді қамтитын 16-қосымшадан тұратын тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп (жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде берілген).
4. Тәуекелдер картасы, Тәуекелдер тіркелімі және Түйінді индикаторлар панелін Директорлар кеңесі 2021 және 2022 жылдарға арналған операциялық тәуекелдердің барлық тізбесін және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын бекіткен.
5. Қордың контрагент банктерінің қаржылық жай-күйінің жартыжылдық мониторингі.

Жоғарыда баяндалған есептер шеңберінде тәуекелдер қоржынын талдау және ден қою және ресурстарды бөлу стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару процесін жедел бақылау, ІНҚ талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингі жүзеге асырылды. Директорлар кеңесі мынадай ішкі құжаттарды бекітті:

1. Директорлар кеңесінің 04.09.2015 жылғы шешімімен (№ 64 хаттама) бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты;
2. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы саясат;
3. Қаржылық тәуекелдерді басқару ережесі және т.б.

Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаттары тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті тұрақты жетілдіру болып табылады.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды****Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

Тәуекелдерді басқару саясаты мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталған:

1. тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қатысушылардың тәуекелдерді бірыңғай түсінуін қамтамасыз ету;
2. қабылданатын тәуекел деңгейін ескере отырып, стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз ету;
3. қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға және мониторингке негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;
4. бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына жәрдемдесу;
5. шешімдер қабылдау және жоспарлау процесі үшін толыққанды база құру;
6. активтерді басқару тиімділігін арттыру;
7. Меншікті капиталдың сақталуын қоса алғанда, қызметтің үздіксіздігі қағидатын қамтамасыз ету үшін қаржылық, операциялық және өзге де тәуекелдерді іске асыру салдарынан қаржылық ысыраптарды барынша азайту.

Тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдарды, уәкілетті органдарды, құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлерді тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаттары:

1. операциялық қызмет шеңберінде активтер мен пассивтерді басқарудың тиімділігін қоса алғанда, қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету, активтердің сақталуын қамтамасыз ету;
2. қаржылық есептілікті дайындау шеңберінде: қаржылық, реттеушілік және өзге де есептіліктің толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз ету;
3. нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау шеңберінде: Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ ішкі актілердің сақталуын қамтамасыз ету.

Қорда негізгі мақсаты рөлдер мен функцияларды нақты бөлу есебінен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі болып табылатын **үш қорғаныс желісінің моделі қолданылады.**

Әрбір желінің міндеттері мыналардан тұрады: тәуекелдерді жедел басқару бірінші желіде жүргізіледі; біріктірілген тәуекел мониторингі және екінші желіде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыру мәніне бірінші қорғау желісін бақылау және үшінші қорғау желілері үшін тәуекелдерді басқару жүйесі қызметіне тәуелсіз кепілдік беру. Егер қорғаудың әрбір желісі өз рөлін тиімді орындаса, өзінің стратегиялық мақсаттарына табысты жету ықтималдығы артады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы қорғаудың екінші желісі шеңберінде тәуекелдерді басқаруды үйлестіруге және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде әдіснамалық қолдауды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің болуын көздейді.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мақсатында қорғаудың екінші желісінің қызметкерлері басқа бөлімшелермен, оның ішінде ішкі және сыртқы аудит өкілдерімен тиімді өзара іс-қимыл жасауы қажет.



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Екінші қорғау желісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне функционалдық міндеттерін тиісінше орындау қажет болатын көлемде ақпарат пен құжаттамаға рұқсат беріледі.

Екінші қорғау желісінің құрылымдық бөлімшелері белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін кәсіби қызметкерлерден тұрады. Жұмыс тәртібі, функционалдық міндеттері және өзге де талаптар қорғаудың екінші желісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне арналған құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетілген.

Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ басшы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды өзге функциялармен біріктіру мүмкіндігін болдырмайды.

Қорда Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. ІАҚ сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі анықталды, ІАҚ басшысы мен жұмыскерлері тағайындалды. 2021 жылдың аяғында Ішкі аудит қызметінің құрамы **4 (төрт) бірлік мөлшерінде** айқындалды.

Ішкі аудит қызметі - ішкі аудитті жүзеге асыратын орган (ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздеріне сәйкес) - ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет.

Ішкі аудит қызметі тікелей Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне, Директорлар кеңесіне бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ міндеттері, функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның қызмет тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалған.

Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, ұйымға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

Ішкі аудиторлар тексеру жүргізген және аудиторлық есепті жасаған кезде Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының, Директорлар кеңесінің 25.07.2011 жылғы шешімімен бекітілген (23.02.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) Іскерлік әдеп кодексінің, ІАҚ туралы ереженің, Директорлар кеңесінің 03.10.2019 жылғы № 09/2019 шешімімен бекітілген (06.12.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалардың, Қордың ішкі нормативтік құжаттарының нормалары мен ережелері қолданылады.

Сыртқы аудиторды таңдау бекітілген регламенттерге сәйкес конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.

Қордың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (Жалғыз акционер) Басқармасының 21.05.2019 жылғы шешімі (№ 26/19 хаттама) негізінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС компаниясымен аудиттелді.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Қордың Директорлар кеңесінің 06.12.2021 жылғы № 09/2021 шешіміне сәйкес Қордың Жалғыз акционерінің қарауына Қордың **2022-2023 жылдарға арналған** қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ны айқындау туралы мәселе шығарылды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (Жалғыз акционер) Басқармасының 15.12.2021 жылғы шешімімен (№ 67/21 хаттама) «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС Қордың 2022-2023 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып айқындалды.

Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты

Сақталады

Қор және Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 17.04.2019 жылғы № 03/2019 шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік қақтығыстары мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты басшылыққа алады. Осы Саясаттың нормалары мен ережелерін сақтау корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысынан аулақ болуға/жол бермеуге мүмкіндік береді.

Саясат қақтығыстарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Қордың органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің іс-қимылдарын реттейді.

2019 жылы Саясатқа Комплаенс-бақылаушының бастамасы бойынша:

1. Саясат талаптары қолданылатын адамдар тобын кеңейтуге;
2. Заң департаменті мен Комплаенс-бақылаушы арасында функционалдық міндеттерді қайта бөлуге;
3. мүдделер қақтығысының туындау қаупін азайту бойынша жаңа шараларды қолдануға байланысты бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2021 жыл ішінде Комплаенс-бақылаушы Қор жұмыскерлеріне мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша консультациялар өткізді. Бұл ретте Қорда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары тіркелмеген.

Директорлар кеңесінің 17.06.2019 жылғы № 06/2019 шешімімен Қордың тәуелсіз Омбудсмені

- Холдинг қызметінің жетекшісі тағайындалды, оның рөлі Қордың өзіне жүгінген жұмыскерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу, сондай-ақ Қор жұмыскерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауы болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесінің 26.08.2021 жылғы шешімімен (№ 06/2021 хаттама) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Омбудсмені Равиль Ильзатович Арыстанбековтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Омбудсмен болып Корпоративтік хатшының орынбасары - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Майра Дюсенбаевна Турганова 2 (екі) жыл өкілеттік мерзімімен тағайындалды.

Қорда Корпоративтік қақтығыстарды және лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығысын реттеу жөніндегі саясат жұмыс істейді, ол қақтығыстарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде органдардың, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің іс-қимылдарын реттейді.

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығысын анықтау мақсатында ай сайынғы негізде үлестес тұлғалардың тізімі және тоқсан сайынғы негізде Қормен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімі жүргізіледі.



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Қор корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпаратты, үлестес тұлғалардың тізімдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ листингтік қағидаларымен бекітілген талаптарға сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің (ҚЕД) интернет-ресурстарында ашуға жататын өзге де ақпаратты ашады.

Мүдделі тұлғалар тобына Қордың қызметі, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы ашу қамтамасыз етіледі. Ақпаратты ашудың үздік практикасына сәйкес Қор жыл сайынғы негізде Қызмет туралы жылдық есепті дайындайды. **2021 жылы Қордың 2020 жылғы қызметі туралы Жылдық есеп шығарылды.**

Ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында Қорда мынадай ішкі құжаттар қолданылады:

1. Қор Басқармасының 31.05.2019 жылғы шешімімен (№ 77/2019 хаттама) бекітілген Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру регламенті.
2. Қор Басқармасының 06.04.2018 жылғы шешімімен (№ 35/2018 хаттама) бекітілген Қордың жылдық есебінде ақпаратты дайындау және ашу шеңберіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл регламенті
3. Қор Басқармасының 15.12.2017 ж. шешімімен (№ 099/2017 хаттама) бекітілген Қордың жасасуға мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу қағидалары.
4. «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Astana International Exchange (AIX) регламенті.

Қор Ақпараттық қауіпсіздік саясатын сақтайды және басшылыққа алады. Саясат ақпаратты қорғау жөніндегі негізгі қағидаттарды, бағыттар мен талаптарды айқындайды, ақпараттық қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады, тиісті ережелерді, қағидаларды, нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде басшылық етеді.

Бұдан басқа, ақпаратты ашу мәселелері Басқарманың 17.03.2011 жылғы шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу туралы ережемен реттелген. Ереже ақпаратты ашудың ережелері мен тәсілдерін; ашуға жататын жалпыға бірдей қолжетімді құжаттардың, ақпараттардың (материалдардың) тізбесін; Жалғыз акционерге ашуға жататын құжаттардың, ақпараттардың (материалдардың) тізбесін; ақпаратты (материалдарды) және т.б. ашу тәсілдері мен мерзімдерін айқындайды.

Қордың **корпоративтік сайты** бар, онда қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін қоса алғанда, қызметтің барлық маңызды аспектілері туралы ақпарат ашылады. Сайттың контенті Қордың жаңа Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес барлық қажетті ақпаратты қамтиды.

Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидатын сақтау мақсатында корпоративтік сайтта қаржылық бағдарламалар мен құралдар (субсидиялау, кепілдік беру, Ұлттық Қордың қаражатын және «Даму» қорының басқа да бағдарламаларын игеру шеңберінде ЕДБ арқылы қаржыландыру) сияқты, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары сияқты кеңейтілген талдамалық және шолу есептері-тұсаукесерлері мен қатысушылардың тізімдері тұрақты түрде

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

орналастырылады. Есептер мен тұсаукесерлерден басқа, Қордың корпоративтік сайтында жария көздерде ашуға (орналастыруға) жататын құжаттар, материалдар мен ақпарат жарияланады.

Сонымен қатар, «Достық Эдвайзори» ЖШС Қордың корпоративтік басқару жүйесін сыртқы бағалау және Қорды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шараның тиісті жоспарын бекіту нәтижелері бойынша Қордың Интернет-сайтында қажетті ақпаратты ашу бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады.

№ 4 ҚОСЫМША

МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Шарт бойынша контрагенттің атауы

Шарттың мәні

Мәміле жасау туралы шешім қабылдаған Қордың уәкілетті органы шешімінің күні мен нөмірі

Қысқаша ақпарат, негіздеме және қорытындының мақсаты

«ForteBank» АҚ (2 мәміле)

Қаражатты шарттасып орналастыру

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 10.12.2019 ж. және 09.03.2021 ж. хаттамаларынан үзінді көшірмелер

Алматы қаласының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін «Шағын жеке және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» өнім паспорты шарттарымен қаржыландыру

«ForteLeasing» АҚ

Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 30.07.2020 жылғы №08/2020 хаттамасынан үзінді көшірме

«Микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру» өнімінің шарттарына сәйкес «ForteLeasing» (ФортеЛизинг) АҚ-мен мәміле жасасу

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ

ІМАД-те кеңсе үй-жайларын жалдау (Нұр-Сұлтан қаласы)

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 09.03.2021 жылғы № 01/2021 хаттамасынан үзінді көшірме

Қордың Нұр-Сұлтан қаласы бойынша өңірлік филиалын 48,7 ш.м. үй-жайға орналастыру үшін әкімшілік/өндірістік үй-жайларды жалдау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ

Нұр-Сұлтан қаласындағы кеңсе үй-жайларын жалға беру жөніндегі қызметтер

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 09.03.2021 жылғы № 01/2021 хаттамасынан үзінді көшірме

Қордың Нұр-Сұлтан қаласы бойынша өңірлік филиалын 49,5 ш.м. үй-жайға орналастыру үшін әкімшілік/өндірістік үй-жайларды жалдау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт

«ForteBank» АҚ (351 мәміле)

Кепілдік шарты

ДК-нің 22.01.2020 ж. (№ 01/2020 хаттама), 26.05.2020 ж. өзгерістерімен (№ 06/2020 хаттама) БЖК 2020, БЖК 2025 (Басым жобаларға кредит беру тетігі), Еңбек, Даму-Оптимал бағдарламалары бойынша үлгілік шарттар бекітілді.

Кепілдік шартын жасасу